



# Ұлттық мәдени код – ұлттық болмыс құндылығы

Кез келген елдің ұлттық коды сол халықтың тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне, дініне негізделеді. Осы элементтердің үйлесімі әрбір халықтың бірегей ұлттық кодын жасайды. Бұл факторлар еліміздің ұлттық кодының қалыптасуына да әсер етті. Ұлттық кодымызда діни толеранттылық, икемділік, өзге этностар мен өзге дін өкілдерін құрметтеу сынды құндылықтарды қамтиды.

Ұлттық код – бұл біздің ұлттық болмысымыз, мәдениетіміздің ерекшелігі. Ұлттың мәдени код – тілдің бір бөлігі болып табылатын мәдениет түрін түсінудің кілті, өйткені ол ата-бабадан келе жатқан қайталанбас мәдени белгілерді қамтиды және халық психологиясын, санасын айқындатады. Оның ішінде мемлекеттік тіл мен ұлттық мәдениет – ұлттың мәдени кодын сақтаудың басты екі құндылығы болып табылады.

Тіл – мәдениеттің айнасы, ол халықтың қоғамдық санасын, ділін, ұлттық мінез-құлқын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, имандылығын, құндылықтар жүйесін, дүниеге көзқарасын көрсетеді. Адам-

зат рухы мен оның ерік-бостандығы, тарихи зейіні, философиялық жүйелері мен рәміз-таңбалық өсиеттері, тілі мен ділі мәдениетпен біте қайнасып жатыр. Тіл – мәдениет танытушы құрал. К. Леви-Стросс атап өткендей, «тіл – бұл мәдениеттің өмір сүру шарты мен мәдени кодтардың қалыптасу факторы» болып табылады. Тілді коммуникация мен таным көзі ретінде ұлттың жалпы мәдени коды деп айтуға негіз бар.

В.фон Гумбольдт пікірінше, адам тілдің шекарасына сыймайды, оның артында мәдениеттің объективті және рухани өлемі тұрады; тіл әрқашанда халықтың өзіндік ерекшелігін, әлемге ұлттық көзқарасын және ұлттық мәдениетін бейнелейді.

Мәдени код санадағы кейбір стереотиптермен байланысты бейнелер жиынтығын анықтайды. Мәдени қарым-қатынаста қандай белгілер бар? Ең алдымен, бұл рухани білімнің берілуі ретіндегі тіл, содан кейін мәдени контекст ретіндегі дәстүр, оның мақсаты мәдени ақпаратты сақтау, кодтау болып табылады. Мәдени кодтың ерекшелігі белгілі бір мәдениетті білу, оның дәстүрлерін тану және жүзеге

асыру, оның құндылықтарын ұстану болып табылады. Осыған сүйене отырып, ақпараттық қоғам мен цифрлық сана дәуірінде «код» терминін қолдану – өз мәдениетін тану мәнін көрсететін термин деп түсіне аламыз.

Қорытындылай келе, ұлттық мәдени код – тілімізді, дәстүр мен салтымызды, мінезімізді айқындататын ділімізде, ұлттық мәдениетте көрініс табады. Қазақ халқының мәдени-рухани болмысы ізгілік пен қарапайымдылықпен шыңдалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, адамгершілік, парыз ар-намыс, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен қамтылған. Ал осы ұлттық мәдени кодмызды жастардың бойына сіңдіру біздің басты мақсатымыз болмақ. Осы мақсатта ұлттық мәдени кодымызды тануда мәдени құндылықтарымызды қалыптастырып, сол бағытта ұлт мүддесі үшін жұмыс жасау біздің басты міндет.

**А.Н.Назарова, М.О.Мусалиева,  
С.Н.Құрбанбаева,  
М.Әуезов атын. ОҚУ-дың  
«Техникалық мамандықтар  
бойынша шет тілі» кафедрасы**